

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

Филология факультеті
Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Дайындаған: Нурбаева Айгүл

Нокис-2014

12-санлы САЙМАУ УЧАСТКАСЫ

2004-жыл 26-декабрь күні
Бүгетар Республикасы Шығ. Мемлекеттік Институты
Қазақстан Республикасының Президентінің
Қазақстан Республикасының Президентінің
Қазақстан Республикасының Президентінің
Қазақстан Республикасының Президентінің
Қазақстан Республикасының Президентінің



О, адамдар біргемін мен сендермен...



О, адамдар біргемін мен сендермен,
Ықласыңа еш нәрсені теңгермен.
Сендер менің бақытымның бұлағы,
Сендер менің дарыныма жел берген

Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.

Сабақтың тақырыбы

Т.Айбергеновтың “Адамдар”
және “Арал толқындарында” өлеңдері



■ **Сабақтың мақсаты:**

А) “Адамдар” және “Арал толқындарында” өлеңдерін өту арқылы Төлеген Айбергенов өмірі мен шығармашылығын таныту;

Ә) Отансүйгіштікке, достыққа, ынтымақтыққа тәрбиелеу;

Б) Төлеген туралы бар білімдерін дамыту.

■ **Сабақтың типі:** проблемалы оқыту

■ **Әдісі:** Синквейн, “Сөзжұмбақ”, Бумеранг, “Білемін, білдім, білгім келеді”.

■ **Көрнекілігі:** Төлеген Айбергенов портреті, компьютер, ұнтаспа, Төлеген Айбергенов кітаптары, видеокөріністер.

■ **Пәнаралық байланыс:** Тарих, қазақ тілі, музыка

Жерлес қазақ ақыны
туралы не білесіңдер?

Жоспар:


- Төлеген Айбергеновтың өмір жолы
- Ақынның шығармашылығы
- “Адамдар” және “Арал толқындарында” өлеңінің идеялық мазмұны



Т.Айбергеновтың өмір жолы



Мерзімі	Басты оқиғалар
1937 жылы 8-наурыз күні	Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, ақын Төлеген Айбергенов Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында дүниеге келді.
1955-1959 жылдары	Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының “Қазақ тілі, әдебиеті және тарих” факультетінде оқиды
1959-1962 жылдары	Өзінің кіндік қаны тамған Қоңырат ауылына барып, мұғалімдік қызметте болады.
1962-1965 жылдар	Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданындағы кешкі мектептің директоры болып қызмет етті.
1965-жыл	Қазақстан Жазушылары Одағының жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында жұмыс істеді.
1967 жылы 29-август күні	Қарақалпақстанның астанасы Нөкіс қаласында көз жұмды.





Төлеген Айбергеновтың шығармашылығы



<i>Мерзімі</i>	<i>Шығармашылығы</i>
1957 жылы	Республикалық баспасөз беттерінде алғашқы өлеңдері шыға бастады
1961 жылы	«Жас дәурен» өлеңдер жинағы жарық көрді
1963 жылы	«Арман сапары» өлеңдер жинағы жарық көрді
1965 жылы	«Өмірге саяхат» өлеңдер жинағы жарық көрді
1968 жылы	«Құмдағы мұнаралар» өлеңдер жинағы жарық көрді
1970 жылы	«Мен саған ғашық едім» өлеңдер жинағы жарық көрді
1974 жылы	“Құмдағы мұнаралар” жыр жинағына «Қазақстан Ленин комсомолы» сыйлығы берілді.
1975 жылы	«Аманат» шығармалар жинағы жарық көрді
1981 жылы	«Бір тойым бар» шығармалар жинағы жарық көрді
1985 жылы	«Бақшаға саяхат» балаларға арналған сурет кітапшасы жарық көрді
1987 жылы	«Мир созвездий» деген орыс тілінде шығармалар жинағы жарық көрді

Кітаптары



Махаббат

Отан,
Туған жер



Көңіл-күй
лирикасы

**Шығарма-
ларының
тақырыптары**

Ана

Әлеуметтік

Табиғат



“Адамдар” өлеңі

О, адамдар біргемін мен сендермен

~~Ықласыңа еш нәрсені теңгермен.~~

Сендер менің бақытымның бұлағы,

Сендер менің дарыныма жел берген.

Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.

Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.

Гүлістанға айналдырған тақырды

Болат қолдар, алғыр милер ақылды,

Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді

Алар демім қалғанынша ақырғы.


Менің үшін бірдей тілің, жынысың,
Көбің ана, көбің аға-інісін
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа
Енген сайын кеңі түсер тынысы

Не кездесе өздеріңмен көрмекпін

Қарапайым адамдары еңбектің!

Барлығың да бағыштар ем сендерге

Махаббатын маған берсе жер-көктің.



Бумеранг

ӘКЫН замандас қаламгерлерімен бірге



Патриоттық
сезім мен адам
бойындағы асыл
қасиеттерді ту
еткен талантты
ақын 1967 жылы
Қарақалпақстан-
ның астанасы
Нөкіс қаласында
жұмыс жасады.





A portrait of an elderly man with grey hair, wearing a light-colored suit jacket, a white shirt, and a purple tie. He is looking directly at the camera with a neutral expression. In the background, there is a light-colored wall and a framed picture of a tree with fruit and a banner.

Төлепберген Қайыпбергенов
Қарақалпақстан Жазушылар
Одағының төрағасы
Өзбекстанның Қахарманы



“Апаларым” өлеңін Төлегеннің өз дауысымен тыңдаңыз



1960 жыл



An aerial photograph of a tropical beach at sunset. The sun is low on the horizon, casting a warm, golden glow over the sky and the water. The sky is filled with colorful clouds in shades of orange, yellow, and blue. The ocean is a deep blue, with white foam from the waves crashing onto the shore. In the background, there are dark silhouettes of palm trees and a rocky coastline. The overall scene is serene and beautiful.

Арал толқындарында

Бір тойым бар



Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ... бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай:
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай,
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Інілерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.
Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін талай күнгі арманым ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.





Т.Айбергенов кім?

1


Төлеген

2

3

4

5





Синквейн

1

Төлеген

2

дарынды

сезімтал

3

оқыды

жазды

жырлады

4

Айбергенов

біртуар

талантты

жерлесіміз

5

ақын

Сабақты пысықтау

“Сөзжұмбақ” жасаңдар: Тігінен “Төлеген” деген сөз шығады.

- 1) Төлегеннің туылған жері
- 2) 1965 жылы жарық көрген кітабының аты
- 3) Ақынның қызы кім?
- 4) Ән шығарылған өлеңдерінен бірі
- 5) “Төлеген тек қана қазақтың емес,
қарақалпақ халқының да ақыны,” –деп кім айтқан?
- 6) Төлеген қайсы қаладағы жоғары оқу орнында оқыған?
- 7) Төлегеннің қабірі қайда қойылған?

Бағалау



Үйге тапсырма

- 1. Т. Айбергенов “Адамдар” өлеңінде ақынның адамдарға деген жан сезімін, махаббатын өз сөздеріңмен баяндаңдар.*
- 2. Кешегі Арал мен бүгінгі Аралды салыстырың.*
- 3. “Арал тағдыры – менің тағдырым” деген тақырыпта шағын шығарма жазыңдар.*

Сабақты аяқтау

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Әдебиеттер



Web sayttar

www.ziyonet.uz

www.reftoptar.kz

www.ref.kz

Назарыңызға
рахмет!

